

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы және мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2315 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1278 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 180 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 180 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы және мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2315 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 5, 61-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ақпарат және мұрағат ісі саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2) «Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу»;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.»;

1) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою» мемлекеттік қызмет стандарты осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген «Облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» мемлекеттік қызмет стандарты осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын және шет елге жіберілетін мұрағаттық

анықтамалар мен мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін апостильдеу»  
мемлекеттік қызмет стандарты осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес жаңа  
редакцияда жазылсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген «Мұрағаттық анықтамалар беру»  
мемлекеттік қызмет стандарты осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес жаңа  
редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*  
*Қазақстан Республикасы*  
*Үкіметіндік*  
*2012 жылғы 9 қазандары*  
*№ 1278 қаулысына*  
*1-қосымша*  
*Қазақстан Республикасы*  
*Үкіметіндік*  
*2009 жылғы 30 желтоқсандағы*  
*№ 2315 қаулысымен*  
*бекітілген*

## **«Бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою» мемлекеттік қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) мына мекенжайда көрсетеді: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреberіc, 227-кабинет, интернет-ресурсы: [www.mki.gov.kz](http://www.mki.gov.kz), сондай-ақ алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) болған жағдайда, «электрондық үкімет» веб-порталы: [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінана автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 4-3-бабының 2) тармақшасы, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

- 1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұдан әрі Министрлік) интернет-ресурсында: [www.mki.gov.kz](http://www.mki.gov.kz);
- 2) Комитетте орналасқан стендтерде;
- 3) порталда орналастырылады.

Сонымен бірге мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының (1414) телефоны арқылы алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі: уәкілетті органда – қағаз тасығышта мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы күелік; порталда - мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы күеліктің немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың дайын екендігі туралы хабарлама болып табылады. Куәлік өтініште көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы жіберіледі.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: уәкілетті органға өтініш білдірген сәттен:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – он жұмыс күні ішінде;

2) мемлекеттік қызметті алушы тіркелген кезде өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 5 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 5 минуттан аспайды.

портал арқылы өтініш білдірген кезде: мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес алынатын тіркеу алымының ставкасы:

1) балалар және ғылыми тақырыптағы мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін құратын жеке немесе заңды тұлғалардан – тіркеу алымын төлейтін күні қолданыстағы екі айлық есептік көрсеткішті;

2) өзге де тақырыптағы мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін құратын жеке немесе заңды тұлғалардан тіркеу алымын төлейтін күні қолданыстағы бес айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәліктің телнұсқасын беру үшін төленетін тіркеу алымының ставкасы:

1) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жеке және занды тұлғалардан тіркеу алымын төлейтін күні қолданыстағы 1,6 айлық есептік  
көрсеткішті ;

2) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жеке және занды тұлғалардан тіркеу алымын төлейтін күні қолданыстағы 4 айлық есептік  
көрсеткішті .  
кұрайды .

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлікті қайта рәсімдеу ақысыз жүзеге асырылады.

Тіркеу алымы тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат беретін Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді.

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлікті алуға мемлекеттік қызметті Портал арқылы электронды сұраныс берген жағдайда төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ)  
арқылы жүзеге асырылады .

9. Мемлекеттік қызметті алу үшін жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органда – Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңында белгіленген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады ;

2 ) порталда – тәулік бойы .

10 . Мемлекеттік қызмет :

1) уәкілетті органда алушылардың таңдауы бойынша, дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдай көзделген, күтудің тиімді жағдайларымен құту залы және қажетті құжаттарды дайындау үшін толтырылған бланк үлгілерімен ақпараттық стенділері бар ;

2) порталда – жеке кабинетінде.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін алушы немесе (сенімхат бойынша) өкілі миналарды ұсынады :

1 ) уәкілетті органға :

осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі етіні іш ;

тіркеу алымын бюджетке төлегенін растайтын құжат.

Алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы күелігін, мемлекеттік электронды ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін уәкілдеп органның қызметкері ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанындағы порталдың ақпарат жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйесін алады.

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін қайта есепке алу үшін (меншік иесі не ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығару мерзімділігінің өзгеруіне байланысты) алушы уәкілдеп органға мынадай құжаттарды ұсынады:

осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі өтініш;

меншік иесі өзгерген жағдайда, осы өзгерістерді растайтын құжаттар талап өтіледі;

мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін иеленуші құқығын басқа тұлғаға беруді растайтын шарт.

Алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы күелігін, мемлекеттік электронды ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін уәкілдеп органның қызметкері ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанындағы порталдың ақпарат жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйесін алады.

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы күеліктің жоғалуына байланысты телнұсқаны алу үшін алушы уәкілдеп органға мынадай құжаттарды ұсынады:

жоғалту себебін көрсетумен осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі өтініш бюджетке тіркеу алымды төленгенін растайтын құжатты.

Алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы күелігін, мемлекеттік электронды ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін уәкілдеп органның қызметкері ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанындағы порталдың ақпарат жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйесін алады.

2 ) порталда:

ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұраныс.

Алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы күелігін, бюджетке тіркеу алымын ЭҮТШ арқылы төленгені туралы мемлекеттік электронды ақпараттық ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін уәкілдеп органның қызметкері ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанындағы порталдың ақпарат жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйесінен алады.

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін қайта есепке

алу үшін (меншік иесі не ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығару мерзімділігінің өзгеруіне байланысты) мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

ЭЦҚ мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы қоса беріледі;

меншік иесі өзгерген жағдайда, осы өзгерістерді растайтын құжат талап етіледі - сканерленген көшірмесі электронды сұранысқа жалғанады;

мерзімді баспасөз басылымына және (немесе) ақпарат агенттігіне меншік құқығын басқа тұлғага беруді растайтын шарт сканерленген көшірмесі электронды сұранысқа қоса беріледі.

Алушыны занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін, мемлекеттік электронды ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттар мәліметін уәкілетті органның қызметкері ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында порталдың ақпарат жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйесін алады.

12. Өтініштер үлгісі Министрліктің интернет-ресурсына: [www.mki.gov.kz](http://www.mki.gov.kz) орналастырылады («Мемлекеттік қызмет» бөлімінің «Ақпарат» кіші бөлімінде).

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электронды сұраныс нысанын толтыру қажет.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар мына мекенжай бойынша пошта арқылы жіберіледі немесе уәкілетті органның кеңесінен тапсырылады: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 224-бөлме.

Портал арқылы өтініш білдірген кезде мемлекеттік қызметті алушы өзінің «жеке кабинетінен» электронды сұранысты жіберуді жүзеге асырады. Сұраныс автоматты түрде уәкілетті органға – таңдаған қызметке сәйкес адресатқа жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың барлығын тапсырған кезде мемлекеттік қызметті алушыға:

1) уәкілетті органға өтініш білдірген кезде осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылданғанын растайтын, күні мен уақыты, құжатты қабылдаған уәкілетті орган кеңесі қызметкерінің тегі, аты және әкесінің аты көрсетілетін (немесе сенім хаты бойынша өкілге) берілетін талон беріледі.

2) портал арқылы өтініш берілген кезде порталдағы жеке кабинетіне, алушының мемлекеттік қызметтің нәтижелерін алған күнін және уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама есеп жолданады.

15. Алушыға мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі:

1) уәкілетті органда – жеке қолына (алушы жеке өзі келгенде не сенімхат бойынша өкіліне) береді не пошта арқылы жібереді.

2) порталда – алушының «жеке кабинетіне».

16. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады егер:

1) уәкілетті орган бұрын сол атаумен және сол аумаққа тарапатын не оның аты бұрын құрылған мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпарат агенттігінің атымен айырғысыз дәрежеде үқсас мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін есепке қойғаны туралы күелік берген болса;

2) өтініштің мазмұны осы Заңның 11-бабының талаптарына сай келмейтен болса;

3) мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін есепке қою үшін алын төлең бese;

4) мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін қайта есепке қою туралы өтініште мерзімді баспасөз басылымына немесе ақпарат агенттігіне меншік құқығын басқа тұлғаға беруді растайтын шарттың нөмірі мен жылы, айы, күні көрсетілмесе;

5) шығарылуын бұрын сот тоқтатқан атауы (атауының бір белгі) бірдей және тақырыптық бағыты дәл сондай мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпарат агенттігі есепке қоюға мәлімделген болса немесе аты мен тақырыптық бағытын қайталайтын мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпарат агенттігі мәлімделген болса, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпарат агенттігінің меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі занды қүшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде өтініш берген жағдайда.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті алушыға қатысты мынадай:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышты орындау кезінде зандылықты сақтау; 3) сыйапайлыш;

4) түпкілікті әрі толық ақпарат ұсыну;

5) жеке және занды тұлғалардың құжаттарын қорғау және құпиялыштық қағидаттарын басшылыққа алады.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету жұмысының нәтижелері осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшейді.

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы

және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның уәкілетті лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін уәкілетті органның баспасөз бүқаралық ақпарат құралдары басқармасының бастығы мына мекенжай бойынша: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй, 15-кіреберіс, 207-кабинет, телефоны: (7172) 74-05-35 түсіндіреді және шағым дайындауға жәрдемдеседі.

Сондай-ақ шағым берудің тәртібі туралы ақпаратты call-орталығы ақпаратты-анықтама қызметінің (1414) телефоны бойынша алуға болады.

21. Қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда Министрлік басшылығының атына шағым мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй, 15-кіреберіс, 224-кабинет, телефоны: (7172) 74-04-71, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын, жұмыс күндері сағат 9.00-ден бастап 18.30 дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, интернет-ресурс:

[www.mki.gov.kz](http://www.mki.gov.kz).

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда уәкілетті орган төрағасының атына шағым беріледі. Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерін қоспағанда күн сайын, жұмыс күндері сағат 9-00-ден бастап, 18-30-ға дейін түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Уәкілетті органның мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, 15-кіреберіс, 224-бөлме. Уәкілетті орган төрағасының қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 74-02-51, интернет-ресурс:

[www.mki.gov.kz](http://www.mki.gov.kz).

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіpte сотқа шағымдануға құбылды.

24. Шағым еркін нысанда ресімделеді. Мемлекеттік қызметті алушы өз шағымында міндетті түрде мыналарды көрсетеді:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) жауап жіберілетін пошталық мекенжайы;
- 3) шағымның мәнін баяндау;
- 4) жеке қолы және күні.

Қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті алушы өз дәлелдерін растайтын құжаттар мен материалдарды немесе оның көшірмелерін жазбаша шағымдағы қоса береуді.

25. Шағымның екінші данасы не шағымның көшірмесі, шағымды қабылдағанын растайтын құжат болып табылады, онда шағымды қабылдайтын

тұлға берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын және шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды тұлғаның байланыс деректерін көрсетеді.

Портал арқылы өтініш білдірген кезде: портал арқылы электронды өтініш жібергеннен кейін мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» мемлекеттік органда өтініштерді өндөу барысында (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қаралғаны немесе қараудан бас тартқаны туралы жауап) жаңартылып отыратын өтініштер жөніндегі ақпаратқа қол жеткізуге болады.

Уәкілетті орган қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қантардағы Заңының 8-бабында көзделген мәрзімде қаралады.

26. Ұсынылатын мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсынан алуға болады: [www.mki.gov.kz](http://www.mki.gov.kz).

«Бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

---

(мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік беруші органның толық атауы

---

(мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік беруші орган басшының Т.А.Ә.)

## Өтініш

Сізден \_\_\_\_\_ (БАҚ немесе ақпарат агенттігінің атауы, түрі) мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін есепке алуды (қайта есепке алуды, телнұсқа беруді жүзеге асыруды) сұраймын Меншік иесі \_\_\_\_\_

---

(аты-жөні (болған жағдайда)/ атауы және үйымдастыру-құқықтық нысаны) ЖИН/БИН \_\_\_\_\_

Меншік иесінің мекенжайы \_\_\_\_\_  
(тұрғылықты жері/орналасқан жері, байланыс деректері)  
Мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпарат агенттігінің тілі

Жиілігі \_\_\_\_\_  
Тақырыптық бағыты \_\_\_\_\_  
Таралу аумағы \_\_\_\_\_  
Редакцияның мекенжайы \_\_\_\_\_  
Бас редактордың Т.А.Ә. \_\_\_\_\_  
М.О. \_\_\_\_\_

( қ о л ы )

20 \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_»  
«Бұқаралық ақпарат құралдарын  
есепке қою» мемлекеттік қызмет  
стандартына 2-қосымша

## Сапа және тиімділік көрсеткіштері

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 9 қазандары

№ 1278 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 2315 қаулысымен

бекітілген

**«Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» мемлекеттік қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – уәкілетті орган) баламасыз негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетеді, сонымен қатар мемлекеттік қызмет алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда «электронды үкіметтің» [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

Шалғайда орналасқан елді мекендер тұрғындарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында Мобильді орталықтар арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге рұқсат етіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 4-4-бабы 2) тармақшасы, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабы, «Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алудың ережесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі № 843 қаулысы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) уәкілетті органның интернет-ресурстарында;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Мемлекеттік қызметті автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «ХҚҚО» РММ) интернет-ресурсында [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz);

4) ресми ақпарат көздерінде және осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес орталықтардың ғимараттарында қойылған стенділерде орналастырылады.

Сонымен бірге мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының телефоны (1414) арқылы алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі шетелдік мерзімді басылымдарды осы стандартқа қосылатын З-қосымшаға сәйкес жасалған нысан бойынша есепке алу туралы анықтаманы қағаз тасығышта беру, сондай-ақ порталда ЭЦҚ қойылған электронды құжат нысандағы анықтаманы беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып та б ы л а д ы .

## **6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы) көрсетіледі.**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:  
орталыққа өтініш білдірген кезде:

1) мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – он жұмыс күні ішінде;

2) тіркеу кезінде мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің, сондай-ақ құжаттар алу кезінде руқсат берілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

Портал арқылы өтініш білдірген кезде – он жұмыс күн ішінде.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

## 9 . М е м л е к е т т і к қ ы з м е т :

Қабылдау «электронды» кезек тәртібінде жүргізіледі, алдын ала жазылусыз және желед қызмет көрсетүсіз жүзеге асырылады.

МобиЛЬДІ ОРТАЛЫҚТАР ҚҰЖАТТАР ҚАБЫЛДАУДЫ ОРТАЛЫҚ БЕКІТКЕН КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС ЖУЗЕГЕ АСЫРАДЫ БІРАК БІР ЕЛДІ МЕКЕНДЕ АЛТЫ САҒАТТАН КЕМ ЕМЕС

Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы.  
10. Мемлекеттік қызмет :  
дene мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін тиісті жағдайлар көзделген.  
Орталықта күтүге және қажетті құжаттарды дайындауға қолайлы жағдайлар  
жасалған және күту залы бар, онда толтырылған бланкілердің үлгілері  
орналастырылған ақпараттық стенділер бар.

Портал арқылы – «жеке кабинетте».

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынандай  
құжаттарды тапсыруы тиіс :

Орталыққа жүгінген кезде :

- 1) мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес өтініш;
- 3) жеке тұлға үшін – кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі мен түпнұсқасы (немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқықты растайтын құжаттың нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар пакетін қабылдаған кезде орталықтың қызметкери көшірменің түпнұсқаға сәйкестігін тексереді және түпнұсқасын алушыға қайтарып береді.

Мемлекеттік электронды ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттардың мәліметтерін алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктердің, филиал мен өкілдікті есептік тіркеу туралы куәліктердің, алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерін уәкілетті органның қызметкери тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы ЭЦК-мен куәландырылған электронды құжаттар нысанында алады .

Порталда :

- 1) алушының ЭЦК қойылған электронды құжат нысанына сұрау салу;
- 2) жеке тұлға үшін – электронды сұрау салуға берілген сканерден өткізілген көшірме түріндегі кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі .

Мемлекеттік электронды ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттардың мәліметтерін алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктердің, филиал мен өкілдікті есептік тіркеу туралы куәліктердің, алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерін уәкілетті органның қызметкери тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы ЭЦК-мен куәландырылған электронды құжаттар нысанында алады .

12. Алушы орталықта жүгінген кезде бекітілген нысандағы өтінімдердің бланкілері күту залындағы арнайы тағанда орналастырылады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электронды сұрау салу нысанын толтыру қажет.

13. Орталықтарда құжаттар қабылдау операциялық залда «кедергісіз» қызмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Порталда электронды сұрау салуды қабылдау алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

14. Орталықта өтініш білдірген кезде мемлекеттік қызмет алушыға мыналар көрсетіле отырып тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

1) сауалдың нөмірі мен қабылданған күні;

2) сұратылған мемлекеттік қызмет түрі;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;

4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты, атасынан берілген күнінде өтінішті қызметтердің тегі, аты;

6) мемлекеттік қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

Портал арқылы өтініш берілген кезде мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызметтің нәтижесін мемлекеттік қызметті алу күні мен уақытын көрсетіп, мемлекеттік қызметтің көрсету үшін сұрау салудың қабылдағандығы туралы хабарлама – есеп жіберіледі.

15. Орталықта дайын құжаттарды алушыға орталықтың инспекторы «терезелер» арқылы қолхат негізінде онда көрсетілген мерзімде жүзеге асырады.

Егер алушы көрсетілген қызметтердің нәтижесін алуға келмеген жағдайда Орталық бір ай бойы олардың сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін құжаттарды Орталықтың мұрағатына тапсырады.

Портал арқылы – «жеке кабинетте».

16. Мемлекеттік қызметтің алушысы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін тапсырмаған жағдайда Орталық құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызметті алушы Орталықта немесе порталдағы «жеке кабинетте» электронды құжат ретінде осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген мерзімде алады.

Құжаттарды қабылдаудан бас тартқан кезде орталықтың қызметкери алушыға жетіспейтін құжаттардың атаулары көрсетілген қолхатты тапсырады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Уәкілетті орган және орталық мемлекеттік қызметтерді алушыға қатысты мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік борышты орындау кезінде занылышты сақтау;
- 3) сыйапалық;
- 4) түпкілікті әрі толық ақпарат ұсыну;
- 5) жеке және занды тұлғалардың құжаттарын сақтау және құпиялышы.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Мемлекеттік қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету жұмысының нәтижелері осы стандарттың 5-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік органның жұмысын көрсететін мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін уәкілетті орган осы стандартқа 1-қосымшада байланыс деректері көрсетілген уәкілетті орган басшысының атына шағымды әзірлеу тәртібін түсіндіріп, оны жасауға жәрдемдеседі.

Сонымен қатар, Орталық инспекторының іс әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call орталығының (1414) телефонынан алуға болады.

21. Қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда шағым байланыс деректері осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті орган басшысының атына беріледі.

22. Орталықтың қызметкері дөрекі қызмет көрсеткен жағдайда шағым Орталықтың немесе «ХҚКО» РМК басшысының атына жолданады, олардың мекен жайы 2-қосымшада, сонымен қатар ресми ақпарат көздері мен Орталықтың үйжайларында орналасқан стенділерде көрсетілген.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

24. Шағым еркін нысанда ресімделеді. Мемлекеттік қызметті алушы өз шағымында міндettі түрде мынадай мәліметтерді көрсетеді:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;  
 2) жауап беруге тиіс пошталық мекенжайы;  
 3) шағымның мәні;  
 4) жеке қолы мен күні.

Қажет болған жағдайда өз дәлелдемелерін раставу үшін мемлекеттік қызметті алушы жазбаша шағымға құжаттар мен материалдарды, немесе олардың көшірмелерін қоса тапсырады.

25. Шағымды екінші данасы не шағымның көшірмесі шағымды қабылдағанын раставайтын құжат болып табылады, онда шағымды қабылдайтын тұлға берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын және шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс деректерін көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алушы Орталыққа немесе «ХҚКО» РМК-ға жүгінген кезде оның орталықта тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға қосылатын ілеспе хатта қойылады) қолма-қол және пошта арқылы түскен шағымның қабылдағанын раставу шағымды алғандығы болып табылады.

Үәкілетті орган мен орталықтар қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қантардағы Заңының 8-бабында көзделген мерзімде қарастырылады.

26. «ХҚКО» РМК мекенжайы: Астана қаласы, Республика даңғылы, 43 А үй, телефоны: 8 (7172) 94-99-95, интернет-ресурс: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz).

«Облыстың, республикалық маңызы  
 бар қаланың, астананың аумағында  
 таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз  
 басылымдарын есепке алу»  
 мемлекеттік қызмет көрсету стандартына  
 1-қосымша

## **Жергілікті атқарушы органдардың мекенжайы**

№	Жергілікті атқарушы органдың атауы	ЖАО-ның орналасқан мекенжайы	Телефон нөмірлері
1	2	3	4
1	Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы	Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11	(8 7172) 5566- ф. 557285
2	Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы	Алматы қаласы, Республика даңғылы, 4	(8 7272) 7166- ф. 716647
3	Алматы облысының Ішкі саясат басқармасы	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38	(8-7282) 2477- ф. 247722

4	Ақмола облысының Ішкі саясат басқармасы	Көкшетау қаласы, Сәтпаев көшесі, 16	(8-7162) 25-72-19	т/и
5	Ақтөбе облысының Ішкі саясат басқармасы	Ақтөбе қаласы, Әбілқайырхан даңғылы, 40	(8-7132) ф. 56-25-26	56-26-1
6	Атырау облысының Ішкі саясат басқармасы	Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77	(8-7122) ф. 27-11-57	27-08-1
7	Шығыс Қазақстан облысының Ішкі саясат басқармасы	Өскемен қаласы, Горький көшесі, 40	(8-7232) ф. 26-42-54	26-42-1
8	Батыс Қазақстан облысының Ішкі саясат басқармасы	Орал қаласы, Достық даңғылы, 201	(8-7112) ф. 50-09-46	50-02-1
9	Жамбыл облысының Ішкі саясат басқармасы	Тараз қаласы, Абай даңғылы, 125	(8-7262) ф. 45-76-20	43-08-1
10	Қарағанды облысының Ішкі саясат басқармасы	Қарағанды қаласы, Алиханов көшесі, 13	(8-7212) ф. 56-19-79	56-19-1
11	Қызылорда облысының Ішкі саясат басқармасы	Қызылорда қаласы, І.Жақаев көшесі, 76	(8-7242) ф. 27-73-62	26-24-1
12	Қостанай облысының Ішкі саясат басқармасы	Қостанай қаласы, Әл-Фараби көшесі, 66	(8-7142) ф. 57-53-53	57-51-1
13	Маңғыстау облысының Ішкі саясат басқармасы	Ақтау қаласы, 14 шағынаудан, 1	(8-7292) ф. 42-13-00	42-66-1
14	Павлодар облысының Ішкі саясат басқармасы	Павлодар қаласы, Женіс даңғылы, 15	(8-7182) 32-21-03	т/и
15	Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі саясат басқармасы	Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 58	(8-7152) ф. 46-31-33	46-31-1
16	Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі саясат басқармасы	Шымкент қаласы, Бейбітшілік көшесі, 3	(8-7252) ф. 50-08-69	56-37-1

«Облыстың, республикалық мәңгизы  
 бар қаланың, астананың аумағында  
 таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз  
 басылымдарын есепке алу»  
 мемлекеттік қызмет көрсету стандартына  
 2-қосымша

## Халықта қызмет көрсету орталықтарының мекенжайлары

P/c №	Орталықтардың атауы (филиалдар, бөлімдер, бөлімшелер)	Орналасқан мекен жайы	Байланыс деректері
1	2	3	4
«Ақмола облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы			
1.	«Ақмола облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы	Көкшетау қаласы, Әуезов көшесі, 189 а-үй	8 (7162) 40-10-76 8 (7162) 40-10-63
1)	Көкшетау қалалық бөлімі	Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 142-үй	8 (7162) 25-04-78
2)	Красный Яр с. аудандық бөлімі	Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Ленин көшесі, 65-үй	8 (7162) 40-43-27

3)	Ақкөл аудандық бөлімі	Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Нұрмагамбетов көшесі, 102-үй	8 (71638) 2-09-96 8 (71638) 2-18-49
4)	Аршалы аудандық бөлімі	Аршалы ауданы, Аршалы кенті, М. Мәметова көшесі, 19-үй	8 (71644) 2-10-77 8 (71644) 2-28-28 8 (71644) 2-10-77
5)	Атбасар аудандық бөлімі	Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Уәлиханов көшесі, 11-үй	8 (71643) 2-45-94 8 (71643) 4-07-22 8 (71643) 4-12-58
6)	Астрахан аудандық бөлімі	Астрахан ауданы, Астраханка ауылы Әл-Фараби көшесі, 44-үй	8 (71641) 2-35-96 8 (71641) 2-21-94
7)	Бұланды аудандық бөлімі	Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Сейфуллин көшесі, 186-үй	8 (71646) 2-37-20 8 (71646) 2-37-81
8)	Бурабай аудандық бөлімі	Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Абылай хан көшесі, 42-үй	8 (71636) 4-29-97 8 (71636) 4-28-91 8 (71636) 4-59-28
9)	Егіндікөл аудандық бөлімі	Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Женіс көшесі, 7-үй	8 (71642) 2-12-57
10)	Ерейментау аудандық бөлімі	Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, Мұсабаев көшесі, 15-үй	8 (71633) 2-44-92
11)	Еңбекшілдер аудандық бөлімі	Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласы, Сыздыков көшесі, 2а-үй	8 (71639) 2-22-41 8 (71639) 2-22-42 8 (71639) 2-22-18
12)	Есіл аудандық бөлімі	Есіл ауданы, Есіл қаласы, Женіс көшесі, 56-үй	8 (71647) 2-22-07
13)	Жарқайың аудандық бөлімі	Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Фабдуллин көшесі, 104-үй	8 (71648) 9-00-35 8 (71647) 2-22-05
14)	Жақсы аудандық бөлімі	Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Ленин көшесі, 8-үй	8 (71635) 2-17-10
15)	Зеренді аудандық бөлімі	Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Мир көшесі, 52-үй	8 (71632) 2-00-74
16)	Корғалжын аудандық бөлімі	Корғалжын ауданы, Корғалжын ауылы, Болғанбаев көшесі, 19-үй	8 (71637) 2-17-83 8 (71637) 2-20-36
17)	Степногор қалалық бөлімі	Степногор қаласы, 9 ш/а, 83 ғимарат	8 (71645) 2-00-40 8 (71645) 2-00-30
18)	Сандықтау аудандық бөлімі	Сандықтау ауданы, Балкашино ауылы, Абылай хан көшесі, 119-үй	8 (71640) 9-26-66
19)	Целиноград аудандық бөлімі	Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, 15-үй	8 (71651) 3-12-30 8 (71651) 3-11-98
20)	Шортанды аудандық бөлімі	Шортанды ауданы, Шортанды ауылы, аты аталмаған тұйық көше, 1-үй	8 (71631) 2-17-97

«Ақтөбе облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы

1.	«Ақтөбе облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109-үй	8 (7132) 56-57-87
1)	Ақтөбе қалалық № 1 бөлімі	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109-үй	8 (7132) 57-80-27
2)	Карғалы с. (Жилянка)	Ақтөбе қаласы, Карғалы ауданы, Карғалы ауылы (Жилянка), Сәтпаев көшесі, 10-үй	8 (7132) 98-60-06 8 (7132) 98-60-05
3)	Алға аудандық бөлімі	Алға ауданы, Алға қаласы, Айымбаев көшесі, 23-1 үй	8 (71337) 3-20-79 8 (71337) 3-10-96

4)	Мәртек аудандық бөлімшесі	Мәртек ауданы, Мәртек ауылы, Байтұрсынов көшесі, 1 «Б»-үй	8 (71331) 22-4-13 8 (71331) 22-1-14
5)	Хромтау аудандық бөлімі	Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Абай көшесі, 12-үй	8 (71336) 26-6-33 8 (71336) 26-6-34
6)	Мұғалжар аудандық бөлімі	Мұғалжар ауданы, Қандығаш қаласы, Молодежный ш/а, 47 «Б»-үй	8 (71333) 30-2-19 8 (71333) 30-2-18
7)	Ембі аудандық бөлімі	Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Тлепбергенов көшесі, 1-үй	8 (71334) 23-9-83
8)	Темір аудандық № 8 бөлімі	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байганин көшесі, 15/3 үй	8 (71346) 23-5-83 8 (71334) 23-9-87
9)	Қобда аудандық бөлімі	Қобда ауданы, Қобда ауылы, Нұрымжанов тұбық көшесі, 2-үй	8 (71341) 22-1-47 8 (71341) 22-1-38
10)	Қарғалы аудандық бөлімі	Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Әйтеке би көшесі, 27 «А» үй	8 (71342) 23-4-64 8 (71342) 23-4-62
11)	Ойыл аудандық бөлімі	Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 64/б үй	8 (71332) 21-1-81 8 (71332) 21-1-82
12)	Әйтеке би аудандық бөлімі	Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Балдырган көшесі, 10-үй	8 (71339) 22-3-73 8 (71339) 22-3-74
13)	Байғанин аудандық бөлімі	Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Барак батыр көшесі, 41 «А»-үй	8 (71345) 23-5-86 8 (71345) 23-5-87
14)	Ырғыз аудандық бөлімі	Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Жангелді көшесі, 7-үй	8 (71343) 21-8-28
15)	Шалқар аудандық бөлімі	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар ауылы, Әйтеке би көшесі, 63-үй	8 (71335) 23-6-10 8 (71335) 23-6-11

«Алматы облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы

1	2	3	4
1.	«Алматы облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 67 Б-үй	8(7282) 24-15-06 8(7282) 24-41-33
1)	Ақсу аудандық бөлімі	Жансүгіров кенті, Қабанбай батыр көшесі, 20-үй	8 (72832) 2-14-51
	Қапал бөлімшесі	Қапал ауылы, Алпысбаев көшесі, 3-үй	8(72841) 2-17-60
2)	Алакөл аудандық бөлімі	Ұшарал қаласы, 8 наурыз көшесі, 63-үй	8(72833) 2-35-46 8(72833) 2-35-48
	Қабанбай бөлімшесі	Қабанбай кенті, Абылайхан көшесі, 237-үй	8(72837) 4-13-85
3)	Балқаш аудандық бөлімі	Бақанас ауылы, Бижанов көшесі, 25 «А»-үй	8(72773) 95-2-22 8(72773) 9-18-20
4)	Еңбекшіказак аудандық бөлімі	Есік қаласы, Абай көшесі, 314А-үй	8(72775) 4-54-70 8(72775) 4-54-69
	Шелек бөлімшесі	Шелек ауылы, Бижанов көшесі, 100-үй	8(72775) 2-34-96 8(72775) 2-34-97
5)	Ескелді аудандық бөлімі	Қарабұлак кенті, Оразбеков көшесі, 52-үй	8(72836) 3-22-16
6)	Жамбыл аудандық бөлімі	Ұзынағаш кенті, Мәжитов көшесі, 1-үй	8(72770) 2-30-90
7)	Іле аудандық бөлімі	Өтеген батыр кенті, Қуат ш/а, Тәуелсіздік көшесі, 25-үй	8(727) 251-74-46 8(727) 251-74-47
	Боралдай бөлімшесі	Боралдай ауылы, Мәскеу тұбық көшесі, 2 үй	8(72738) 7-82-42
	Қараой бөлімшесі	Қараой ауылы, Тыңдала көшесі, 9-үй	8(7275) 24-88-10
	Ақшы бөлімшесі	Ақшы ауылы, Қонаев көшесі, 29-үй	

8)	Карасай аудандық бөлімі	Қаскелең қаласы, Жангозин көшесі, 38-үй	8(72771) 2-56-86 8(72771) 2-56-96
	Tay Самалы бөлімшесі	Tay Самалы кенті, Рысқұлов көшесі, 129-үй	8(727) 391-38-58
	Шамалған бөлімшесі	Шамалған станциясы, Дүйсеков көшесі, 41 үй	8(7272) 93-66-33
9)	Каратал аудандық бөлімі	Үштөбе қаласы, Абылай хан көшесі, 22-үй	8(72834) 2-02-07 8(72834) 2-20-92
10)	Кербұлақ аудандық бөлімі	Сарыөзек қаласы, Момышұлы көшесі, нөмірсіз үй	8(72840) 3-25-88
	Қоғалы бөлімшесі	Қоғалы кенті, Желтоқсан көшесі, 45-үй	8(72842) 9-10-59
11)	Көксу аудандық бөлімі	Балпық би кенті, Измайлов көшесі, 10-үй	8(72838) 2-16-19 8(72838) 2-16-18
12)	Қапшағай қалалық бөлімі	Қапшағай қаласы, Конаев көшесі, 41-үй	8(72772) 4-79-61 8(72772) 4-79-60
	Шенгелді бөлімшесі	Шенгелді ауылы, Сейфуллин көш, 34	8(72772) 7-11-94
13)	Сарқанд аудандық бөлімі	Сарқанд қаласы, Жамбыл көшесі, 44/46	8(72839) 2-35-80 8(72839) 2-37-14
	Лепсі бөлімшесі	Лепсі станциясы, Төлебаев көшесі, 1А үй	8(72843) 2-10-16
14)	Райымбек аудандық бөлімі	Кеген ауылы, Момышұлы көшесі, нөмірсіз үй	8(72777) 2-20-84 8(72777) 2-20-82 8(72777) 2-18-78
	Нарынқол бөлімшесі	Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі, нөмірсіз	8(72779) 2-11-65
15)	Панфилов аудандық бөлімі	Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, нөмірсіз	8(72831) 5-51-11
16)	Талғар аудандық бөлімі	Талғар қаласы, Лермонтов көшесі, 53 «А»-үй	8(727) 388-11-30 8(72774) 2-21-43 8(72774) 2-21-33
	Нұра бөлімшесі	Нұра ауылы, Школьная көшесі, 10-үй	8(72774) 5-80-62
17)	Талдықорған қалалық бөлімі	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 67Б	8(7282) 24-49-75 8(7282) 24-40-43
18)	Текелі қалалық бөлімі	Текелі қаласы, Октябрь көшесі, 7-үй	8(72835) 4-35-38 8(72835) 4-35-18
19)	Ұйғыр аудандық бөлімі	Шонжы ауылы, Қасымбеков көшесі, 35-үй	8(72778) 2-43-35 8(72778) 2-43-31 8(72778) 2-43-32

«Атырау облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы

1	«Атырау облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы	Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 23-үй	8 (7122) 21-34-67
1)	Облыстық бөлім	Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 23-үй	8 (7122) 21-29-42
2)	№1 қалалық бөлімі	Атырау қаласы, Баймұқанов көшесі, 16а-үй	8 (7122) 35-75-05 8 (7122) 35-75-30
3)	№ 2 қалалық бөлімі	Атырау қаласы, Балықшы, Байжігітов көшесі, 80 а-үй	8 (7122) 24-34-90 8 (7122) 24-37-89
4)	Индер аудандық бөлімі	Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Мендіғалиев көшесі, 30-үй	8 (71234) 2-12-96 8 (71234) 2-18-38
5)	Махамбет аудандық бөлімі	Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі, 10-үй	8 (71236) 2-24-96 8 (71236) 2-15-25
6)	Қызылқоға аудандық бөлімі	Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Абай көшесі, 1-үй	8 (71238) 2-20-46 8 (71238) 2-20-27

7)	Жылтый аудандық бөлімі	Атырау облысы, Жылтый ауданы, Құлсары қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8-үй	8 (71237) 5-03-54 8 (71237) 5-01-28
8)	Құрманғазы аудандық бөлімі	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкино ауылы, Есболаев көшесі, 66 а-үй	8 (71233) 2-05-13 8 (71233) 2-07-14
9)	Мақат аудандық бөлімі	Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат ауылы, Орталық көшесі, 2-үй	8 (71239) 3-22-97 8 (71239) 3-22-96
10)	Исатай аудандық бөлімі	Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Егеменді Қазақстан көшесі, 9-үй	8 (71231) 2-16-70 8 (71231) 2-16-69

«Шығыс Қазақстан облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы

1.	«Шығыс Қазақстан облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы	Өскемен қаласы, Белинский көшесі, 37 а-үй	8 (7232) 78-42-36 8 (7232) 28-94-67
1)	Өскемен қалалық № 1 бөлімі	Өскемен қаласы, Сәтпаев даңғылы, 20/1-үй	8 (7232) 60-39-22
2)	Өскемен қалалық № 2 бөлімі	Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 99/1-үй	8 (7232) 57-83-88 8 (7232) 22-81-37
3)	Глубокое аудандық бөлімі	Глубокое ауданы, Глубокое кенті, Попович көшесі, 22-үй	8 (72331) 2-23-35
4)	Зайсан қалалық бөлімі	Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Жангелді көшесі, 52 а-үй	8 (72340) 2-67-81
5)	Зырянов аудандық бөлімі	Зырянов ауданы, Зырянов қаласы, Стаканов көшесі, 39-үй	8 (72335) 6-02-39
6)	Қатонқарағай аудандық бөлімі	Қатонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылай хан көшесі, 96-үй	8 (72341) 2-23-60
7)	Қүршім аудандық бөлімі	Қүршім ауданы, Қүршім ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 77-үй	8 (72339) 2-13-10
8)	Риддер аудандық бөлімі	Риддер қаласы, Семей көшесі, 12-үй	8 (72336) 4-62-62
9)	Тарбағатай аудандық бөлімі	Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, Кабеков көшесі, 8 үй	8 (72346) 2-24-96
10)	Ұлан аудандық бөлімі	Ұлан ауданы, Молодежный кенті, 9-үй	8 (72338) 2-78-96
11)	Шемонаиха қалалық бөлімі	Шемонаиха ауданы, Шемонаиха қаласы, 3ш/а, 12-үй	8 (72332) 3-41-00
12)	Семей қалалық бөлімі	Семей қаласы, 408 квартал, 21-үй	8 (7222) 33-57-97 8 (7222) 33-55-93
13)	Семей қалалық № 2 бөлімі	Семей қаласы, Найманбаев көшесі, 161 А-үй	8 (7222) 52-69-29
14)	Абай аудандық бөлімі	Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбаев көшесі, 12-үй	8 (72252) 2-22-64
15)	Аягөз қалалық бөлімі	Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Дүйсенов көшесі, 84-үй	8 (72237) 5-24-32
16)	Бесқарағай аудандық бөлімі	Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, Пушкин көшесі, 2 А-үй	8 (72236) 9-06-30
17)	Бородулиха аудандық бөлімі	Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Молодежная көшесі, 25-үй	8 (72351) 2-20-48
18)	Жарма аудандық бөлімі	Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 98 -үй	8 (72347) 6-54-00
19)	Курчатов аудандық бөлімі	Курчатов ауданы, Курчатов қаласы, Абай көшесі, 12-үй	8 (72251) 2-21-66

20)	Көкпекті аудандық бөлімі	Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Шериаздан көшесі, 38-үй	8 (72348) 2-21-71
21)	Үржар аудандық бөлімі	Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылайхан көшесі, 116-үй	8 (72230) 2-19-85

«Жамбыл облысы бойынша ХҚҚО» РМК филиалы

1.	«Жамбыл облысы бойынша ХҚҚО» РМК филиалы	Тараз қаласы, Абай даңғылы, 232-үй	8(7262) 56-90-01 8(7262) 46-00-28
1)	Тараз қалалық бөлімі	Тараз қаласы, Қ.Қойгелді көшесі, 158 «а»-үй	8 (7262) 43-84-21
2)	№ 1 бөлім	Тараз қаласы, Сәтпаев көшесі, 1 «б»	8 (7262) 56-90-27
3)	№ 2 бөлім	Тараз қаласы, Талас ш/а, 2-үй	8(7262) 6-17-78
4)	№ 3 бөлім	Тараз қаласы, Абай даңғылы, 232-үй	8(7262) 56-90-04
5)	Байзак аудандық бөлімі	Сарыкемер ауылы, Медеуов көшесі, 33-үй	8(72637) 2-28-04
6)	Жамбыл аудандық бөлімі	Аса ауылы, Абай көшесі, 127-үй	8(72633) 2-11-99
7)	Жуалы аудандық бөлімі	Б.Момышұлы ауылы, Сауранбекұлы көшесі, 49-үй	8(72635) 5-02-46
8)	Кордай аудандық бөлімі	Қордай ауылы, Домалақ ана көшесі, 215 -үй	8(72636) 2-13-52
9)	Мерке аудандық бөлімі	Мерке ауылы, Исмаилов көшесі, 232-үй	8(72632) 4-42-54
10)	Мойынқұм аудандық бөлімі	Мойынқұм ауылы, Рысқұлбеков көшесі, 215-үй	8(72642) 2-47-93
11)	Сарысу аудандық бөлімі	Жанағатас қаласы, Жібек жолы көшесі, 1	8(72634) 6-33-00
12)	Талас аудандық бөлімі	Қаратая қаласы, Молдағұлова көшесі, 51-үй	8(72644) 6-33-93
13)	Т. Рысқұлбеков аудандық бөлімі	Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, 71-үй	8 (72631) 2-18-10
14)	Шу аудандық бөлімі	Шу қаласы, Автобаза көшесі, 1-үй	8 (72643) 2-17-97
15)	Гродеково ауылдық бөлімі	Гродеково ауылы, Бейбітшілік көшесі, 88-үй	8(72633) 3-16-76 8 (7262) 51-23-24

«Батыс Қазақстан облысы бойынша ХҚҚО» РМК филиалы

1.	«Батыс Қазақстан облысы бойынша ХҚҚО» РМК филиалы	БҚО, Орал қаласы, Жамбыл көшесі, 81/2-үй	8 (7112) 23-68-81 8 (7112) 28-25-27 8 (7112) 28-29-14
1)	Ақжайық аудандық бөлімі	БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Ақжайық түйік көшесі, 2-үй	8-711-36-92-580
2)	Бекейорда аудандық бөлімі	БҚО, Бекейорда ауданы, Сайхин ауылы, Берғалиев көшесі, 1-үй	8-711-40-21-8478-711-40-21-835
3)	Бөрілі аудандық бөлімі	БҚО, Бөрілі ауданы, Ақсай ауылы, Темір жол көшесі, 121 А-үй	8-711-33- 35-5508711-33-36-778
4)	Жаңақала аудандық бөлімі	БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылы, Халықтар достығы көшесі, 63А-үй	8-711-41-22-4038-711-41-22-404
5)	Жәнібек аудандық бөлімі	БҚО, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы, Иманов көшесі, 79-үй	8-711-35-22-425
6)	Зеленов аудандық бөлімі	БҚО, Зеленов ауданы, Переметное ауылы, Гагарин көшесі, 69Б-үй	8-711-30-23-6148-711-30-23-616
7)	Қазталов аудандық бөлімі	БҚО, Қазталов ауданы, Қазталовка ауылы, Лұқманов көшесі, 22А-үй	8-711-44-32-2048-711-44-32-205
8)	Қаратөбе аудандық бөлімі	БҚО, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, Құрманғалиев көшесі, 23/1-үй	8-711-45-31-8008-711-45-31-463
9)	Сырым аудандық бөлімі	БҚО, Сырым ауданы, Жымпіты ауылы, Қазақстан көшесі, 11/2 -үй	8-711-34-31-4468-711-34-31-447

10)	Тасқала аудандық бөлімі	БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Вокзал көшесі, 6-үй	8-711-39-22-3988-711-39-21-979
11)	Теректі аудандық бөлімі	БҚО, Теректі ауданы, Федоровка ауылы, Юбилейная көшесі, 24-үй	8-711-32-23-3788-711-32-23-379
12)	Шыңғырлау аудандық бөлімі	БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Тайманов көшесі, 95-үй	8-711-37-33-3118-711-37-34-420
13)	Қазталов аудандық бөлімі	БҚО, Қазталов ауданы, Жалпақтал ауылы, С.Датұлы көшесі, 23-үй	8-711-38-21-0448-711-38-21-045
14)	Дарынское ауылдық округі бөлімі	БҚО, Зеленов ауданы, Дарынское ауылы, Балдырган көшесі, 27/1-үй	8-711-31-24-0808-711-31-24-082
15)	Ақжайық ауданының Тайпак ауылдық округі бөлімі	БҚО, Ақжайық ауданы, Тайпак ауылы, Шемякин көшесі, 13-үй	8-711-42-21-884
16)	Теректі ауданы Ақжайық ауылдық округі бөлімі	БҚО, Теректі ауданы, Ақжайық ауылы, Ақжайық көшесі, 5-үй	8-711-43-91-316

«Қарағанды облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы

1.	«Қарағанды облысы бойынша ХҚКО» РМК филиалы	Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі, 7-үй	8 (7212) 41-63-10
1)	Қарағанды қалалық № 1 бөлім	Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі, 47/3-үй	8 (7212) 33-13-10
2)	Қарағанды қалалық № 2 бөлім	Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі, 7-үй	8 (7212) 41-03-92
3)	Қарағанды қалалық № 3 бөлім	Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 5-үй	8 (7212) 77-26-57
4)	Қарағанды қалалық № 4 бөлім	Қарағанды қаласы, Архитектурная көшесі, 8-үй	8 (7212) 45-71-01
5)	Қарағанды қалалық № 5 бөлім	Қарағанды қаласы, 21 ш/а, 6/7-үй	8 (7212) 32-92-51
6)	Қарағанды қалалық № 6 бөлім	Қарағанды қаласы, Серов көшесі, 73-үй	8 (7212) 93-16-94
7)	Теміртау қалалық № 1 бөлім	Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 23-үй	8 (7213) 44-67-45
8)	Теміртау қалалық № 2 бөлім	Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 128-үй	8 (7213) 99-79-96
9)	Абай аудандық № 1 бөлім	Абай қаласы, Абай көшесі, 54-үй	8 (72131) 4-77-07
10)	Абай аудандық № 2 бөлім	Абай қаласы, Топар кенті, Қазыбек би көшесі, 3 -үй	8 (72153) 3-04-46
